

Ұялы телефонның адам денсаулығына зияны.



Жоспар.

1.Кіріспе

2.Негізгі бөлім

- ☐ Ұялы телефонды пайдалану.
- ☐ Ұялы телефонның кемшіліктері.
- ☐ Ұялы телефонның артықшылықтары.
- ☐ Ұялы телефон мәдениеті.

3. Қорытынды

4. Пайдаланған әдебиеттер

Жұмыстың мақсаты:



- ❑ Адам денсаулығына ұялы телефонның тигізетін әсерін анықтау. Сондай-ақ баланың ағзасына қаншалықты қауіпті екенін түсіндіру.
- ❑ Тұтынушыға ұялы телефонның теориясын түсіндіре отырып, оның адам ағзасына тигізер кері әсерін түсіндіру және де ұялы телефонның бала денсаулығына зиянын түсіндіру.



Тақырыптың өзектілігі.



Қоғам талабына сай
үлкендер де, кішілер де
ұялы телефонды қажетіне
жаратады. Біз сымсыз
телефонның байланысын
ыңғайлы деп бағаладық.
Жыл сайын телефонның
сұранысы көбеюде.

Ұялы телефонның шығу тарихы



1875 жылдың 2 маусымында Бостон университетінің Шетелдік өнер мектебінің профессоры Грехем Белл ең алғаш рет байланыстырушы сымдардың көмегімен өз көмекшісінің даусын естиді. Өнертапқыш шотландтықтың бұл жаңалығы тарих бетінде телефон деген атпен қалды. Бір қызығы, өнертапқыштың есімі ағылшын тілінен аударғанда, «қоңырау» деген мағына береді.

Арада бір ғасырға жуық уақыт өткенде ең алғашқы ұялы телефондар пайда болды. Иллинойс технологиялық институтының түлегі Мартин Купердің өнертапқыштық бұл жаңалығын қазір әлем халқының жартысына жуығы күнделікті қолданып отыр.

- Ұялы телефонмен жасалған алғашқы нағыз байланыстың тарихы 1973 жылдың 3 сәуірінен басталады. Ұялы байланыс компаниясының қызметкері Мартин Купердің зерттеулер бөлімінің басшысы Белл Лабзға Нью-Йорк көшелерінде серуендеп жүріп соққан қоңырауы ұялы телефонмен алғашқы байланыс орнату саналады. Купердің өзі таратқыштан сигнал жіберу хаттамасының негізгі құрастырушысы еді. Ал ол қолданған телефонның салмағы, яғни ең алғашқы ұялы телефон 1,15 килограмм тартатын.
- Сол уақыттары Нью-Йорк әлемдегі ұялы байланыстың базалық станциялары орнатылған әлемдегі жалғыз нүкте болды, төрт жылдан соң Чикагода 2000 абоненттік тәжірбиелік ұялы желі құрылды. Ал 1979 жылы бұл өнертапқыштық жаңалыққа Күншығыс елі зор қызығушылық білдіріп, 88 базалық станциядан тұратын алғашқы ұялы байланыстың қызметін бастады. Қазір әлемде ұялы телефондардың қолданыс аясы өзінің байланыс орнату шегінен асып кетті. Телефондар өмірдің барлық саласында қолданылуда. Ұялы телефон қазіргі заманда адамның ажырамас көмекшісіне айналды.

Ұялы телефондардың артықшылығы.

1) Әр адам және кез келген уақытында пайдалана алады. Яғни, әр түрлі жағдайда

адаммен хабарласа алады.

2) Ол өте кішігірім болып келгендіктен, күнделікті өмір де өзіңізбен ұстай аласыз

3) Ұялы телефондарға суретке түсіп, интернет пен әлуметтік желілерде "отырамыз

4) Оқыс жағдайға ұшырасақ (көлік апаты, ұрлық, кездесуге уақытылы үлгере

алмаған жағдайда, өз өміріңе- жақындарыңа қауіп төнген жағдайда, өз

денсаулығыңа қауіп төнген жағдайда) бірінші қолға ұстайынымыз ұялы телефон

5) Біреудің өліміне куәгер болсаңыз дәлел сіздің қолыңыздағы ұялы телефонның

бейнекамерасы

Ұялы телефонның кемшілігі

1)Ұялы телефон радиация тарататыны үшін өте зиянды. Бір сәттік үшін зияны аңғарылмауы мүмкін. Бірақ ұзақ уақыт қолданылғанда зияны өте көп.

2)Ми, көз, құлақ, кеуде, жүрек және басқа да мүшелерде дегенерация пайда болады.

3)АҚШ дәрігері Девра Давис былай деген: «Ұялы телефонымен сөйлескен кезде ми жасушаларының бір бөлігі өле бастайды...»

4) Жас балаларға, жүкті әйелдерге және егде жастағы кісілерге өте зиянды.



5) ДНК-ның бұзылуына да себеп болады. Қызметін

6). Ұялы телефонның қосылып тұрғандағы сәулелендіру деңгейі есту, көру, мидың кейбір бөліктеріне кері әсерін тигізеді.

Зиянды әсерлерді 3 жүйеге бөліп қарастырайық:

*Орталық нерв
жүйесі*

Есте сақтау қабілетінің, зейіні
Мен өз еркінің нашарлауы,
ұйқы безінің бұзылуы

Эндокриналық
жүйе

Қандағы адреналиннің
көбейтілуі

Иммунитет

Организмнің әр түрлі
инфекцияға қарсы
қойылуының нашарлауы

1 Ұялы телефон-миды қыздыратын кішігірім микропеш тәрізді. Оның үстіне телефонның сигналы аса жоғары жиілікті пешке қарағанда күрделі модуляцияланған, сондықтан ағзаға тез әсер береді. Мидағы үрдіс электрохимиялық деңгейде болып жатады. Бұл өте күрделі, нәзік ұйымдастырылған (компьютер). Ұялы телефонмен сөйлесу кезінде біз оның жіңішке "өткізгіштерін" электромагниттік соққыға аламыз. Тым көп зардап шегетін ми қабыршығы. Бұл мүше электромагниттік сәулені көздің жарыққа әсеріндей ал құлақ дыбысты қабылдағандай әсер береді.

2 Бізге әсер ету жағынан ұялы телефонды компьютермен де, телевизормен де салыстыруға келмейді. Маңыздысы аппараттың қуатында емес оның құлаққа тиіп тұрып электромагниттік толқын көзінің миға тым жақын болуында



3 Ми өзінің қалыпты жұмыс жағдайына араласқан кері әсерлерді қабылдамайды. Ол қарсыласады, теңестіру механизімін қосады, бірақ бір мезгілде шыдай алмай жұмысынан жаңылады.

Бас ауырады Зейіні төмендейді Ұмытшақ болады



7).Ғалымдар зерттеп, қызықты қорытынды жасады; 10 жылдан астам уақыт ұялы телефонды үзбей пайладанған адамның миына зиянды заттарды енгізбейтін сүзгіштің қабырғалары бітеледі. Болашақта адамды мидықатерлі ісігіне шалдықтыруы мүмкін

8) Шетелдік ғалымдар телефонды көп қолдану адамды Альцгеймер және Паркинсон ауруына шалдықтырады деп шешті.

9) Шетелдік ғалымдар Сәуленің әсері кейінгі ұрпаққа беріледі деген. 1 ай бойы

түрлі телефон арқылы атжалмандарды сәулелендіру тәжірбиесін жасады. Екі

аптадан соң олардың иммундық жүйесі өзгерді.

Сәулеленген атжалмандар қанын


басқа атжалман тышқандарға екті. Кейін өліп қалды.



Иммунитет пен көз жанарына да зияны бар

Ал, ресейлік ғалымдар ұялы телефоннан бөлінетін электромагниттік толқындардың көз жанарына кері әсер ететінін анықтап отыр.

Ғалымдардың жүргізген зерттеулер нәтижесінде сынақтан өткен тышқандардың барлығы дерлік көз жанарынан айырылған. Сондай-ақ, зерттеу барысында сынақтан өткен хайуандардың иммундық жүйесі әлсіреп, бұзылғаны анықталды.



Ұялы телефонның уақытты үнемдеу, үнемі байланыста болу, тиімділікті арттыруда пайдасымен қоса, онымен шамадан тыс сөйлесу денсаулыққа өте зиян екендігін есте ұстау қажет. Әсіресе, телефон шалу кезінде электромагниттік сәулелену деңгейі аса жоғары болып келеді.



18)Балаларға бермеңіз!

Балаларға гаджеттермен ойнауға тыйым салынуы керек. Себебі, бұл құрылғылар балалардың жүйке жүйесі мен ойлау қабілетін бұзады. Сондай-ақ, мамандар құрылғылардан бөлінетін сәуленің бас ауруына душар етіп, есте сақтау және көру қабілетін нашарлататынын, ұйқысыздыққа шалдықтыратынын дәлелдеген.


19)Ұйқысыздықтың себебі

Өшірулі тұрған телефон да адам организміне зиян келтіреді. Сондықтан да мамандар байланыс құралын өзіңізден неғұрлым алысырақ ұстау керек екенін айтады. Әсіресе ұялы телефонды бас жаққа қойып ұйықтауға болмайтынын ескертеді. Себебі, телефоннан бөлінетін электромагниттік толқындар ұйықтап жатқан адамның орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, ұйықтауға кедергі келтіреді.



Қызықты мәліметтер.

Ұялы байланыс қызметі жылдам өркендеп келе жатқан елдердің алдыңғы қатарында Қытай, Үндістан, Ресей, АҚШ, Пәкістан, Украина елдері келе жатыр. Тұтынушылардың санының артуымен бірге, ұялы байланыс индустриясы да ерекше қарқын алды.



Ұсыныстар.

- *Телефонды баланың мойынына ілмеңіз.**
 - *Байланыс нашар жерлерде ұялы телефонмен көп сөйлеспеңіз.**
 - *Балалар мен жасөспірімдерге ұялы байланыс телефонын көп қолданбауға кеңес беремін.**
 - *Телефонды сатып алу кезінде оның мүмкіндігі мен дизайнына назар аударумен қатар, оның қауіпсіздігіне де (SAR белгісіне) көңіл бөліңіз .**
- Телефон шалғанда алғашқа бір екі гудокті жібіріп барып құлаққа әкелген дұрыс.**



Ұялы телефон түрі	SAR, Вт/кг
Alcatel One Touch 701	0,68
Alcatel One Touch 501	0,62-0,79
Benefon Q	1,45
Ericsson T20s	0,76-1,07
Ericsson A2618s	0,79
Ericsson A2628s	0,62
Ericsson R310s	0,94
Ericsson R320s	0,75-0,94
Ericsson R380s	0,45-0,90
Motorola v2288	0,54-0,68
Motorola v3690	1,07-1,13
Motorola v50	0,33
Nokia 3330	0,75
Nokia 6250	0,33-0,91
Nokia 6210	1,19
Nokia 8890	0,53-0,94



Panasonic EB-GD92	0,97-1,07
Panasonic EB-GD93	0,38-1,00
Philips Azalis	0,68
Philips Ozeo	0,65
Philips Xenium	0,77-1,14
Samsung SGH-M100	0,94
Samsung SGH-N100	1,38
Samsung SGH-2400	0,95-1,07
Siemens C35i	1,45
Siemens M35i	1,14
Siemens S35i	0,99
Siemens S40	0,21
Siemens SL45	0,75-0,97
Sony CMD-J5	0,71-1,06
Sony CMD-Z5	1,06-1,20
Trium (Mitsubishi) Cosmo	0,72
Trium (Mitsubishi) Mars	0,76

Телефон мәдениеті.

- Транспортты жүргізу кезінде телефонды пайдаланбаған дұрыс
- Театр, кинотеатрларда, музейлерде және басқа да қоғамдық орындарда телефонды өшіріп қою керек.



Ұялы телефонмен бір сөйлесудің орташа ұзақтығы қандай?



Қорытынды

Мен өз жұмысымда “Ұялы телефон адам денсаулығына қандай зияның тигізеді”-деген сұраққа толық жауап берген жоқпын. Алда әлі ашылмаған жұмбақ, асылмаған асу көп. Дегенмен мынадай проблема бар, әр қайсысымыз қарапайым қауіпсіздікті орындауға міндеттіміз. Адам денсаулығын ешқандай ақшаға сатыр ала алмаймыз ғой. Оқушыларға жариялауды өз міндетім деп санаймын.





Сіздің болашағыңыз өз қолыңызда



**Зейін қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет !**

